

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 мамырдағы N 637 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 қазан N 1233

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

"Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін "РР Қазақстан - сауда және қаржыландыру" Қазақстан Австрия бірлескен кәсіпорнының басқаруына беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 мамырдағы N 637 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

Мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. "Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамының тұрақты және үйлестірілген жұмысын, қаржылық сауықтыру мен банкроттықты болдырмауды қамтамасыз ету мақсатында кредиторлар-мемлекеттік заңды тұлғаларға қарыздарын қайтару мерзімі қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес, кейіннен берешектерді кестеге сәйкес тендей үлеспен екі жыл ішінде, өсімдер мен айыппұлдарды тоқтата отырып, ал "Алауғаз" акционерлік қоғамы бойынша заңда белгіленген тәртіппен қайтара отырып, 1997 жылдың 1 қаңтарына дейін ұзартылсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік "РР Қазақстан сауда және ЛТД қаржыландыру" Қазақстан Австрия бірлескен кәсіпорнымен бірлесіп осы аудит негізінде "Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамының мемлекеттік емес меншік нысанындағы кәсіпорындар алдындағы қалған кредиторлық берешектерін қайтаруға заңда белгіленген тәртіппен шаралар қабылдасын".

4-тармақ 5-тармақ болып саналсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
"4" қазандағы

№ 1233 қаулысына
қосымша

"Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамының

өтеу мерзімі 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін
ұзартуға жататын кредиторлық берешегінің
ТІЗБЕСІ

Берешек саласы іСоба, мың теңгеіӨсімі мың,теңгеіЖиыны мың,теңге

Бюджетке

берешегі 138645 56858 195503

Зейнетақы

қорына берешегі 82760 66055 148815

Жол қорына

берешегі 19482 29913 49395

Южказэнерго және

ШАЭС электр энер.

гиясы, жылу үшін

берешегі 334330,9 334330,9

Темір жол

бөлімшесі ТехОДП

берешегі 65630,7 107512 173142,7

Облыстық су

каналына

берешегі 19885 22466 42351

Жолаушылар
көлігі ЦҚӨБ

берешегі 9891,4 9891,4

БАРЛЫҒЫ 680625 282804 963429

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК